

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті
Қазақ тілі білімі кафедрасы



**«ҚАЗАҚ ТІЛІ БІЛІМІ:
ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ПАРАДИГМАЛАР
ЖӘНЕ ЛИНГВОДИДАКТИКА»**

атты республикалық ғылыми-әдістемелік
конференция материалдарының жинағы



Алматы, 2014

CNT 231 A028 12996-80001

УДК 811.512.122 (063)

ББК 81.2 Қаз.

Қ 17

*Баспаға филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің
Ғылыми кеңесінің шешімімен ұсынылды*

Редакциялық алқа

*Жұмағұлова А.Ж., ф.ғ.к., доцент
Әлімтаева Л.Т., ф.ғ.к., аға оқытушы
Күркебаев К.Қ., ф.ғ.к., доцент
Өмірбекова Р.Қ., ф.ғ.к., доцент
Рамазанова Ш.Ә., ф.ғ.к., доцент*

Қ 17 «Қазақ тілі білімі: лингвистикалық парадигмалар және лингводидактика» атты республикалық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары. – Алматы, 2014. – 264 б.

ISBN 978-601-04-0942-2

Жинақта қазақ тіл біліміндегі қазіргі басымдықтары мен жаңа бағыттар, тілді зерттеудің функционалдық ерекшеліктері мен тілді кәсіби бағдарлы оқытудың теориялық аспектілері талданып, ғылыми пайымдаулар жасалады.

Жинақ филолог ғалымдарға, филология факультетінің студенттері мен магистранттарына, PhD докторанттарына, сонымен бірге тіл білімінің мәселелеріне қызығушылық танытатын оқырмандарға арналған.

Мақала мазмұнына автор жауапты.

УДК 811.512.122 (063)

ББК 81.2 Қаз.

© «Қазақ тілі білімі: лингвистикалық парадигмалар және лингводидактика»
атты республикалық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары, 2014

© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2014

ISBN 978-601-04-0942-2

МАЗМҰНЫ

ПЛЕНАРЛЫҚ БАЯНДАМАЛАР

<i>Әлкебаева Д.</i> Қазіргі функционалды грамматика: кеңістік категориясы5	
<i>Қадашева Қ., Асанова Ұ.О., Омарова С. Қ.</i>	
Оқу сөздіктерінің тілүйренімдегі орны13	
<i>Сағындықұлы Б.</i> Түркі тілдеріндегі ілік септігінің даму тарихы21	
<i>Салқынбай А.Б.</i> Мәтін мәнінің кілті31	
<i>Смағұлова Г.Н.</i> Неологизмдердің лингвистикалық ерекшеліктерін талдау мен оқыту37	
<i>Шалабай Б.</i> Синтаксисті зерттеудегі көзқарастар45	

I СЕКЦИЯ

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ҚАЗІРГІ БАСЫМДЫҚТАР МЕН ЖАҢА БАҒЫТТАР: МӘДЕНИАРАЛЫҚ ҚАТЫСЫМ, ТІЛДІ ЗЕРТТЕУДІҢ КОГНИТИВТІК, ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНЫМДЫҚ, СОЦИОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ФУНКЦИОНАЛДЫ ЗЕРТТЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

<i>Аймурзаев Ф.</i> Тілдік құрылымның функционалды классификациясының жіктелуі және оның типтері54	
<i>Айхынбаева Ұ.</i> Қазақ терминографиясы – қазақ тілі терминдерін реттеуші механизм57	
<i>Амантай Т.</i> Қазақ тіліндегі соматикалық фразеологизмдердің валенттілігі62	
<i>Әлімхан А.Ә.</i> Әдеби ономастика: өзектілігі мен маңызы66	
<i>Аширова А., Өмірбекова Р.Қ.</i> Есімшелі құрылымдардың тілдік табиғаты72	
<i>Балғабаева Ә.</i> Қазіргі қазақ тіліндегі сын есімдердің қолданылу аясы мен құрамында келетін түстердің атқаратын қызметтері80	
<i>Баялиева Г.Ж., Сарышова К.С.</i> История развития категории имени прилагательного в тюркских языках85	
<i>Бисегалиева Назира.</i> Балалар әдебиетіндегі лингвокогнитивтілік90	
<i>Ермағамбетова Л., Абдрахманова Ж.</i> Жай сөйлемді оқытудың лингвистикалық негіздері94	
<i>Оразбаев Қ.М., Кенеханов Е.Т.</i> Бауыржан Момышұлының қазақ тілі туралы пікірі99	
<i>Құдасова А.Т.</i> Дәстүрлі күрделі атаулардың мотивациясы (уәжділігі)105	
<i>Құлжанова Б.Р.</i> Байырғы сөз мағыналарының кеңеюі110	
<i>Мамаева М.</i> Сөйлемнің бастауышы мен баяндауышын танудағы қиындықтар, оларды шешу жолдары118	
<i>Мәнкеева Айгерім.</i> Түр-түстердің ассоциациялануы121	
<i>Мухтарова Ш.М.</i> Тілдік тұлға мәселесінің зерттелуі127	
<i>Рахышева А.</i> БАҚ-тағы троптың когнитивтік сипаты131	

<i>Сейдімханова Т.Б.</i> «Сөз мәдениеті және тілдік қарым-қатынас» пәнін оқыту арқылы студенттердің сөйлеу шеберлігін арттыру жолдары	138
<i>Тайженова Д.</i> Қазақ әдеби тілі – өміршен тіл	142
<i>Тасымов А.</i> Диалектологияның кейбір мәселелері	146
<i>Әлімтаева Л.Т., Тұрсын Ш.К.</i> БАҚ-тағы компаративтіліктің салыстырмалы дәрежесі	148
<i>Шыныбекова А.К., Нұртазина А.Ө.</i> Ұғымдар атауын ұлт тілінде калыптастыру мәселелері	154

II- СЕКЦИЯ ТІЛДІ КӘСІБИ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫ

<i>Абдуова Б.С.</i> Қазақ тілін оқытудағы дәстүрлі жүйе мен инновациялы технологиялар сабақтастығы	164
<i>Ақымбек С.Ш.</i> Орфоэпиялық нормалардың негізгі принциптерін меңгерту жолдары	170
<i>Әміров Ә.Ж.</i> Аналитикалық тәсіл арқылы жасалған терминдердің әдістемелік ерекшеліктері	176
<i>Егізбаева Н.Ж., Рамазанова Ш.Ә.</i> Жаңа оқыту технологияларын жазылым әрекетінде қолдану	183
<i>Ештаева Н.А., Халенова А.Р.</i> Жоғарғы оқу орнында жобалық әдіс тұлғаға бағытталған технология ретінде	187
<i>Жұмағұлова А.Ж.</i> «Оқыту мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясының кейбір ерекшеліктері	193
<i>Жусанбаева С.Б.</i> Мұғалімнің кәсіби шеберлігі және педагогикалық техника	201
<i>Иманалиева Ф.Қ.</i> Интербелсенді оқыту әдістері - бүгінгі күн талабы	205
<i>Иманқұлова С.М.</i> Білім беру жүйесіндегі тілді меңгерту әдістерін саралау	213
<i>Күркебаев К.</i> Мемлекеттік тілді меңгертудегі коммуникативтік құзырет түрлерінің ролі	219
<i>Қарабаева Х.Ә.</i> Тілдік қарым-қатынас – ғылым, білім, кәсіби машық және қоғамдық тұрақтылық кепілі	224
<i>Мұхамбетұлы Серік.</i> Студенттер бойындағы ұлттық сана-сезімді калыптастыру	227
<i>Омарова Б.А.</i> , Оқулықтар – кәсіби тілді үйретудің маңызды құралы	232
<i>Өмірбекова Р.Қ., Аширова А.</i> Заманауи білім беру үдерісінің басты талабы – кәсіби-бағдарлы қазақ тілін оқыту	239
<i>Рысбай Б.Қ.</i> Мәтінді мамандықпен байланыстыра оқытудың тиімді жақтары	242
<i>Саткенова Ж.Б.</i> Тілдік талдау ұстанымдарының әдістемелік сипаты	247
<i>Шакирова Д.</i> Тілді үйретудегі мәдениаралық қатысымның маңыздылығы	253
<i>Шыныбекова А.К.</i> Зан саласында кәсіби сөздерді оқыту және аудару мәселелері	256

ПЛЕНАРЛЫҚ БАЯНДАМАЛАР

ҚАЗІРГІ ФУНКЦИОНАЛДЫ ГРАММАТИКА: КЕҢІСТІК КАТЕГОРИЯСЫ

Әлкебаева Д., ф.ғ.д., ҚазҰУ-дың профессоры

Функционалды грамматиканың ғылыми негізінің қалануына әр кезеңдігі ғылыми ойлар мен тұжырымдар өз нәтижесін беріп отырды. Атап айтқанда А.А. Потембняның «тілді зерттеудің грамматикалық концепциялары», В.В. Фортунатовтың «тілді функционалды тұрғыдан зерттеу, тіл және оның функциясы қоршаған ортамен байланыс арқылы қарастырылады», А.А.Шахматовтың «сөздегі ойлау тәсілдері» деген ғылыми тұжырымдары функционалды грамматиканы зерттеудің алғышарттарын жасады [1. 2.3]. Жалпы грамматиканы зерттеу белгілі уақыттарда тұйықталған шеңбер аясынан аса алмады. Сондықтан тілде кең қолданылатын сөйлеу контекстеріне назар аудармастан құрылымдық және жүйелік заңдылықтарға балама сипаттама табудың мүмкін еместігі айқын болды. Тіршіліктің табиғи ортасы – сөйлеу қызметіне ешқандай ауыртпалықсыз еніп, тілді әлеуметтік және жеке жағдайлардан дербес етіп, белгісіз бір абстрактілік феномен ретінде қарастыра отырып, құрылымдық лингвистика саласы жасанды дерексіз, ойша жору құрылымына түсіп кетуге тәуекел еткен еді. Осыған байланысты тіл феноменін екі түрлі көзқарас тұрғысынан, интерпретацияның жинақталған түрлі тәсілдері мен әдістерінің нәтижесінде белгілі бір объектінің кейбір белгісіз жақтарын тереңірек анықтайтын аралас көзқарас тұрғысынан қарау қажеттігі күннен күнге айқындала түсті. Зерттеушілер функционалды грамматика саласын қарастырудың жаңа міндеттері алға қойылғандығын үлкен жауапкершілікпен қабылдады.

Жалпы функционалды грамматиканың ұғымдары мен категорияларын шартты түрде үлкен екі топқа бөліп қарастыру керек. Олар – кеңістік пен уақыт ұғымдары. Сондықтан ең алдымен жалпы уақыт және кеңістік ұғымдарының мәнін ашып алу керек. Өйткені функционалды грамматиканың барлық ұғымдары философиялық озық ой-танымдардың жемісі ретінде осы ғылым саласының концептуалды жүйелігіне негізделген болатын.

үйренушілер екі тілдік сөздіктерді пайдаланады. Алайда кәсіби тілді меңгеруде аударма сөздіктер жеткіліксіз. Бұл кемшіліктің орнын түсіндірме және терминдер сөздігі толтырады. Болашақ кәсіби саласына қатысты сөздердің толық түсініктемесін үйренушілер осы сөздіктерден таба алады.

Тілді меңгертуге арналған қазіргі оқулықтар оның лингводидактикалық концепциясын негіздеу үшін қолданылған әдіс бойынша жіктеледі. Тіл үйрету сабақтарында әр алуан оқулықтар пайдаланылады. Солардың бірі – аударма-грамматикалық оқулықтар. Олардың негізінде грамматикалық ережелерді жаттап, мәтінді оқу мен талдау жағыр. Мұндай оқулықтар ХХ ғасырда кеңінен қолданылды. Алайда практикалық бағыттылығының төмендігінен біртіндеп артта қала бастады. Өйткені олар тіл үйретудегі негізгі мақсат – сөйлеу әрекетін қамтамасыз ете алмады.

Бүгінгі таңда тіл үйрету саласында саналы-практикалық және коммуникативтік оқулықтар кеңінен қолданылып жүр. Соның ішінде кәсіби-бағдарлы қазақ тілін меңгертуге ең қажеттісі коммуникативтік оқулықтар деп санаймыз. Өйткені олар оқытудың коммуникативтік әдісі концепциясын жүзеге асырады және тіл үйренушілерді сөйлеу қызметінің әр алуан салаларында қарым-қатынас жасауға бағыттайды.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Балыхина Т.М. Методика преподавания русского языка как неродного (нового): Учебное пособие для преподавателей и студентов. - М.: Издательство Российского университета дружбы народов, 2007.
2. Күзекова З.С. Екінші тіл ретіндегі қазақ тілі оқулығы теориясының лингвистикалық негіздері. Монография. - Алматы: Лем, 2005.
3. Күзекова З.С. Қазақ тілі практикумы. Грамматикалық жаттығулар жинағы. – Астана: ІС-Сервис, 2010.
4. Пассов Е.И. Основы коммуникативного метода обучения иноязычному общению. – М., 1989.
5. Скалкин В.Л. Основы обучения устной иноязычной речи. М., 1981.

Резюме

В данной статье автор поднимает вопрос о том, какими должны быть современные учебники по профессионально-ориентированному казахскому языку.

ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНІҢ БАСТЫ ТАЛАБЫ – КӘСІБИ-БАҒДАРЛЫ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ

Өмірбекова Р., Аширова А.,

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценттері

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан- 2050 Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауының «Білім және кәсіби машық – заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдарының» 4- бөлімінде: «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс. Сондай- ақ балаларымыздың, жалпы барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет. Балаларымыз қазіргі заманға бейімделген болуы үшін бұл аса маңызды» деген тұжырымдамасында жеткіншек жастар мен болашақ маманның сауаттылығы мен білім, біліктілігіне ерекше мән берілген.

Қазіргі замандағы білім берудің негізгі мақсаты- қоғамның талаптарына сай бәсекеге қабілетті, өмір сүруге бейім, өзіндік пікірі бар жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

Студенттерді қызығушылық факторы арқылы ғана қазақша кәсіби сөйлеуге бейімдеп, олардың танымдық іс- әрекеттерін дамытуға болады. Адамдардың бойындағы сан – алуан қызығушылықтардың біреуі басым болады. Сол басым қызығушылық үйретушінің өз әрекетіне аса қажет. Кәсіби қазақ тілі сабағында жоғарыда аталған қасиеттерді мамандыққа байланысты мәтіндермен жүргізілетін жұмыс барысында, іскерлік ойындар мен жобалық жұмыстар арқылы тәрбиелеуге болатынын тәжірбие көрсетіп отыр.

Қазақ тілін оқыту әдістемесінде оқыту технологияларының жаңа үлгілері, заман талабына сай әдістер мен тәсілдер (инновациялық әдіс, модульмен оқыту әдісі, интерактивті әдіс, жобалау әдісі, проблемалық әдіс, қатысымдық әдіс т.б) ұсынылып отыр. Қазақ тілін кәсіби бағдарлы жолмен оқыту әдісі де тиімді әдістердің бірі болып табылады.

Тіл – коммуникация мақсатында қызмет етеді. ЖОО- да білім берудегі маңызды мәселелердің бірі – студенттердің коммуникативтік құзыреттіліктерін арттыру болып табылады. Жеке тұлғаны дамыту мәселелеріне Қазақстандық ғалымдар Ф.Оразбаева, Ж.Намазбаева,

С.Рахметова, М.Қараев т.б жеке тұлғаға бағытталған және дамыта оқытудың психологиялық теориялары жасалып, оқу үрдісіне енгізілген. Бұл бағыт оқушы тұлғасын қалыптастыруда жаңа тұрғыдан келуді қажет етеді.

Коммуникативтік білім беруді келешек маманның меңгеруі нәтижесінде пайда болатын жеке тұлғаның өзгеріс толық, тұлғалық және әлеуметтік интеграцияланған нәтижені анықтау мәселесін алға қойды. Осындай интеграцияланған әлеуметтік - тұлғалық - іс-әрекеттік ұғымның білім берудің нәтижесі ретіндегі жалпы анықтамасы болып мотивациялық құндылықты, когнитивті, дүниетанымдық, коммуникативтік құзыреттілік ұғымы танылады.

«Құзырет» ұғымы білім алушының жетілуімен және оның еңбек міндеттерін орындауға тиімді әрекет жасауына және жоғары нәтижелерге қол жеткізуіне мүмкіндік береді. «Құзырет» - бұл оқу үдерісінде жинақталған білімге, тәжірибеге, құндылықтарға, бейімділіктерге негізделген жалпы қабілет. Құзырет саналы іс-әрекет барысында қалыптасады. Құзыретті меңгеру студенттің белсенділігіне тәуелді. Құзыретке ие болу сол жағдаятқа өзінің бар білімі мен тәжірибесін бейімдеу. Білімді білім алушының нақты қоғамдық өмірде білімін қолдану, ол үшін оқыту үдерісінде құзыретті дамыту және қалыптастыру үшін нақты жағдайлар тудыру қажет.

Коммуникативтік құзыреттілік төмендегідей компоненттерден тұрады:

- коммуникативтік тәртіп аймағындағы білімі (қажетті тілдерді білуі, педагогика және психология, логика, риторика, мәдениет және сөйлеу аймағындағы білімі).

- коммуникативтілік және ұйымдастырушылық қабілеті (іскерлік қатынастарды нақты және жедел орнату, белсенділік таныту, тұлғаны дұрыс қабылдау және түсіну негізінде психологиялық әсер ету, қоршаған ортамен және оқшауланған адамдармен біріккен іс-әрекет кезінде белсенді әрекет жасау);

- қазақ халқының рухани және тарихи – мәдени байлығын тіл арқылы таныту негізінде тіл үйренушілер елдің тарихымен, мәдениетімен, әдебиетімен, халықтың салт- дәстүрімен танысып, білімдерін молайту;

- күнделікті оқу үдерісінде ресми- іскери сөйлесуге тән тілдік тұлғаларды, сөз тіркестерін меңгеріп, мамандыққа қатысты іс – қағаздарды жазуды үйренуі;

- вербальды және вербальды емес қарым- қатынас мәдениет (сөйлеу техникасы, риторикалық амалдар, аргументация техникасын және шарттасуды жүргізу, кәсіби педагогикалық әдеп ережелерін сақтау, ұғымдық категориялық ақпаратты мақсатты түрде қолдану, сөйлеу мәдениетін меңгеру, вербальды емес құралдарды қолдану).

Заманауи білім беру үдерісі ең алдымен жеке тұлғаға бағытталып, тіл үйренушінің іскерлігін, коммуникативтік құзыреттілігін дамыту міндеттерімен ұштасып жатқандықтан, қазақ тілінің білім мазмұнын құрудың әдіснамасын дұрыс таңдап алу қажеттілігі туындайды. Тілді қазіргі заман талабына сай меңгертуде озық технологияларды, ұтымды әдіс- тәсілдерді пайдалану – еліміздегі ең маңызды мәселелердің бірі болып отыр. Студенттің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда оқытудың жаңа инновациялық әдістерінің бірі- ақпараттық технологияны пайдалану. Оқытудың ақпараттық технологиясы – тіл үйренушілерге білім берудің жаңа жолдарын іздестіру, білім сапасын арттыру, оқу – тәрбие үрдісінде оқушының жеке тұлғасын қалыптастыру үшін әрекет ету.

Ақпараттық технологияларды оқыту үрдісінде тиімді пайдалану студенттердің мемлекеттік тілді терең меңгерулерін қамтамасыз етіп, танып білуге деген қызығушылығын арттырады. Демек, «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында» тұлғаның қалыптасуына жағдай жасау арқылы еліміздің ертеңіне жауапты мамандарды тәрбиелеу жолдарының бірі ретінде «дүниеге жауапкершілікпен қарайтын, инновациялық, шығармашыл ойлауға дағдыларды дүниетанымдық мәдениеті жетілген адамгершілігі мол және білікті мамандардан жаңа ұрпақ қалыптастыру» міндеті қажет.

Бұл үштұғырлы тіл саясатын ұстанып отырған егемен елдің болашақ мамандарының мемлекеттік тілде еркін сөйлеп, оны өзі қызмет ететін салада қолдана алуы олардың кәсіби әлеуетін арттырумен қатар елжандылық қасиеттерін де қалыптастырудың басты шарты болып табылатынының кепілі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. « Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауы. Астана, 2013
2. Шаханова Р. Техникалық жоғары оқу орындарының орыс бөлімдерінде қазақ тілін мамандыққа қатысты оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. АДД. -Алматы, 2003
3. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. -Алматы, 2000

Резюме

В этой статье рассматривается обучение профессионального казахского языка, как главное требование процесса современного образования.

МӘТІНДІ МАМАНДЫҚПЕН БАЙЛАНЫСТЫРА ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ЖАҚТАРЫ

Рысбай Б.Қ., ф.ғ.к., қазақ тіл білімі
кафедрасының доценті, ҚазҰУ

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты бәсекеге қабілетті білікті маман дайындау. Сондықтан оқу үдерісінде кәсіби бағытты ескере отырып оқыту студенттердің таңдаған мамандықтары жайында қосымша мәлімет алуына, кәсіби білімді игеруіне мүмкіндік береді. Ал бұл әрекеттерді жүзеге асыруда мәтіндерді қолдану тиімді. Мәтіндер студенттердің кәсіби, танымдық, ақпараттық білімін дамытуға, сондай-ақ сөйлеу тілін қалыптастыруға көмегін тигізеді. Мәтіндерді жүйелі меңгертуде модульдік технологияны қолданудың орны ерекше. Бұл технология бойынша мамандыққа қатысты мәтіндер модульдерге бөлінеді, олар өз ішінде бірнеше өзара жақын блоктық тақырыптардан тұрады. Модульге кірген блоктық тақырыптар өзара жақын, бір-бірімен байланысты болғандықтан ондағы сөздер әрі таныс, әрі түсінікті болып, студенттің меңгеруіне жеңіл болады. Модуль негізінде сұрыпталып алынған блоктық мәтіндер бойынша лексикалық және грамматикалық материалдарды да топтастырып, жүйелеп беруге болады. Бұл қатысым әрекетінің негізгі түрлерін: айтылым, оқылым, жазылым, тыңдалым, тілдесім әрекеттерін тиімді іске асыруға мүмкіндік береді. Модульдік оқыту технологиясының дәстүрлі сабақтан артықшылығы тақырыпқа оның әр қырынан келіп, оған жан-жақты әлденеше рет оралуға мүмкіндік береді. Мәселен, математика мамандығына байланысты топтастырылған модульдердің алғашқысына енген «Сандар сырын білесіз бе?», «Қазақ дәстүріндегі сандар құпиясы», «Киелі сандар» т.б. мәтіндер «санмен» байланысты, өйткені «Сан – математика ғылымының іргетасы» деп Орынбек Жәутіков айтқандай, яғни математиканың тілі ол – сандар. Сондықтан берілген мәтінді қарастырмастан бұрын, бұл тақырып жайлы

студенттердің не білетінін, не айта алатынын анықтау барысында ойды қозғайтын әр түрлі тапсырмалар ұсынылады. Бұл бұрынғы алған білімін жаңа ұғымдармен, түсініктермен, жаңа ақпаратпен толықтырып, кеңейте түсуге мүмкіндік береді. Яғни, бұл қызығушылықты ояту кезеңінде бұрыннан білетінін еске түсіру, көз алдына елестету, қағазға жазу, көршісімен бөлісу, топта талқылау арқылы ойлану, ойлай білу дағдылары бірте-бірте қалыптасады, шығармашылық жұмыстармен айналысуға деген белсенділіктері артады. Мәтінге дейінгі тапсырмалардың бірнешеуін қарастырсақ:

• *Сұрақтарға жауап беріңіз:*

а) жалпы, сандар жайлы не білесіз? ә) ең алғаш сандар қалай пайда болған? б) Сіз сандарға қатысты наным-сенімге, ырымға сенесіз бе? в) Сіз үшін қандай сандар қасиетті болып табылады? г) сандардың адам өміріне қатысы туралы ойланып көрдіңіз бе?

• *Берілген сөздермен сөз тіркестерін құрастырыңыз:*

сыр, құпия, қасиет, дәлел, тарих, жаратылыс, ырым, түсінік, мағына, тағдыр, ата-баба, құбылыс, үрей, қорқыныш, әлем, жүйе.

• *«Сан» сөзімен қанша сөз тіркесін құрай аласыз?*

Үлгі: бүтін сан, бөлшек сан, қасиетті сан т.б.

Мәтінге дейінгі осындай тапсырма түрлерін орындау арқылы студенттер мәтіннің мазмұнын түсінуге дайындалады және лексикалық дағдылары қалыптасады.

Одан кейін мәтінмен танысу кезеңінде мәтін құрылымы мен ондағы тілдік заңдылықтарға байланысты бірнеше жұмыс түрлерін ұсынуға болады. Мысалы:

• *мәтінді белгі қойып оқыңыз.*

Бұл тапсырма бойынша студент «V» - «білемін»; «-» - «білмеймін»; «+» - «мен үшін жаңа ақпарат»; «?» - «мені таңқалдырады» белгілерін қоя отырып, мәтінді оқып шығады. Бұл мәтінді түсінуге, оқығанын еске сақтауға, мәтіннің соңына тез жетуге, өз ойына басшылақ етуге, ойын білдіруге үйретеді;

• *Мәтіннің әрбір мағыналық бөлігіндегі негізгі ақпаратты білдіретін*

сөйлемді табыңыз;

• *Әрбір мағыналық бөліктерге сұрақтар қойыңыз.*

Ал, мәтіннен кейінгі тапсырмалар мәтін мазмұныны бойынша, яғни студенттің мәтінді қаншалықты түсінгенін анықтауға, оған сыни көзқарас танытуына бағытталады. Оларға мынадай тапсырмалар түрлерін беруге болады: